



**«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның  
2023 жылдың 30 маусымда аяқталған алты ай үшін жартыжылдық есебі**

Астана, 2023 жыл

## **Мазмұны**

Компания туралы

Негізгі оқиғалар

Өндірістік нәтижелер

Қаржылық нәтижелер

Негізгі тәуекелдер

Жауапкершілік туралы мәлімдеме

Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексерудің нәтижелері жөніндегі есеп

Жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есеп

Қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есеп

Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық шоғырландырылған есеп

Капиталдағы өзгерістер туралы аралық шоғырландырылған есеп

## Компания туралы

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Қазақстанның тігінен интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы болып табылады. ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өңдеуге және мамандандырылған қызметтерді ұсынуға дейінгі барлық өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. 2002 жылы құрылған Компания еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстанның мүддесін білдіреді.

2023 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша ҚМГ акционерлері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (Қор) (87,42%), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (9,58%), 3% еркін айналымда болып табылады.

Компания Қазақстанда мұнай өндіру, тасымалдау және өңдеу көлемі бойынша көшбасшылық орнын сақтап қалды.

ҚМГ өзінің қызметі табиғи ресурстарды пайдаланумен тікелей байланысты екенін сезіне отырып, осы ресурстарды ұтымды пайдалану және қолайлы қоршаған ортаны сақтау үшін қоғам алдындағы өзінің жауапкершілігін мойындайды.

ҚМГ-нің негізгі активтері:

- Барлау және өндіру: Өзенмұнайгаз (ӨМГ) – 100%, Ембімұнайгаз (ЕМГ) – 100%, Қазақтүрікмұнай (ҚТМ) – 100%, ҚазМұнайТеңіз – 100%, Өріктау (ӨО) – 100%, Маңғыстаумұнайгаз (ММГ) – 50%, Қазгермұнай (ҚГМ) – 50%, Қаражанбасмұнай (ҚБМ) – 50%, Қазақойл Ақтөбе (ҚОА) – 50%, ПетроҚазақстан Инк (ПҚИ) – 33%, Теңізшевройл (Теңіз) – 20%, Қарашығанақ – 10%, Қашаған – 16,88%.
- Тасымалдау: ҚазТрансОйл – 90%, Қазақстан-Қытай құбыр жолы (ҚҚҚ) – 50%, МұнайТас – 51%, Batumi Oil Terminal – 100%, Каспий Құбыр желісі Консорциумы (КҚК) – 20,75%, Қазақтеңізкөлікфлоты – 100%.
- Өңдеу және басқалары: ПМХЗ – 100%, АМӨЗ – 99,53%, ПҚОП – 49,72%, KMG International – 100%, Петромидия – 54,63%, Вега – 54,63%, ҚазРосГаз – 50%, Қазақстан Петрокемикал Индастриз Инк. – 49,5%.

Толығырақ ақпарат келесі сілтеме бойынша: <http://www.kmg.kz/>

Акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша:

ir@kmg.kz

тел: +7 (7172) 78 64 34

## 2023 жылдың басынан бергі басты корпоративтік оқиғалар:

- 2023 жылы 9 наурызда Standard&Poor's рейтингтік агенттігі Компанияның рейтингін «BB+» деңгейінде растап, болжамды «тұрақты» етіп қайта қарады. Бұл агенттіктің Қазақстан бойынша рейтингтік қызметін көрсетеді (рейтинг «BBB-» деңгейінде расталды, болжам «тұрақты» болып қайта қаралды).
- 2023 жылы 26 сәуірде ҚМГ 2025 жылға дейінгі өтеу мерзімімен 500 млн АҚШ доллары сомасында Еурооблигацияларды мерзімінен бұрын толық өтеді.
- 2023 жылы 27 сәуірде ҚМГ «Астрахань-Маңғыстау» магистральды су құбырын реконструкциялау және кеңейту, 1-кезек» жобасын қаржыландыру мақсатында 10 жыл мерзімге және 0,5% пайыздық мөлшерлеменен 50 млрд теңге сомаға облигация шығарды.
- 2023 жылы 3 мамырда Standard&Poor's рейтингтік агенттігі мемлекеттік қолдау ықтималдығын «жоғары» деңгейден «өте жоғары» деңгейге көтерді, Компанияның рейтингі өзгеріссіз қалды.
- 2023 жылы 21 маусымда ҚМГ «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде Еуразиялық даму банкінің пайдасына кепілдік шығарды (кредит желісінің сомасы – 150 млн. АҚШ доллары, қарыз мерзімі – 3 жыл).
- Биыл 21 маусымда Констанцадағы Петромидия МӨЗ-де (Румыния) техникалық қызмет көрсету бойынша арнайы жұмыстар жүргізілгеннен кейін жеңіл гидрокрекинг қондырғысында өрт шықты. Өртті зауыттың өрт сөндірушілері ауыздықтап, Төтенше жағдайлар инспекциясының арнайы машиналары келгенге дейін де жағдайды толық бақылауға алды. Қазіргі уақытта түзету жұмыстарын жүзеге асыру жоспарына сай іс-шаралар жүргізіліп жатыр. Қондырғыны іске қосудың жоспарланған мерзімі – 2023 жылдың төртінші тоқсаны.
- 2023 жылы 22 маусымда Fitch рейтингтік агенттігі ҚМГ кредиттік рейтингін «BBB-»-дан «BBB»-ға дейін көтерді, дербес кредит қабілеттілігі рейтингінің жоғарылуы негізінде болжам «тұрақты». ҚМГ рейтингі ҚР тәуелсіз рейтингімен бірдей.
- 2023 жылы 26 маусымда ҚМГ акционерлеріне 2022 жылға дивиденд төлеуді аяқтады. Дивидендтердің жалпы сомасы – 300,0 млрд теңге. Бір жай акцияға дивиденд мөлшері 491,71 теңгені құрады.
- 2023 жылдың басынан ҚМГ Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрылымында жаңа тағайындаулар болды. 2023 жылғы тамыздағы жағдай бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 8 адам кірді (Бердіғұлов Е.Қ. – Директорлар кеңесінің төрағасы, Отыншиев Е.М., Қарабалин Ұ.С., Мырзағалиев М.М., Жұбаев А.С., Арғынғазин А.А., Холланд Ф.М., Мыңшәріпова С.Н.), ҚМГ Басқармасының құрамы – 9 адам (Мырзағалиев М.М. – Басқарма төрағасы, Абдулғафаров Д.Е., Закиров Б.Қ., Лавренов В.С., Макеев Д.С., Арысова Д.А., Брекешев С.А., Құдайбергенов Қ.М., Хасанов Д.К.).
- Есепті кезеңнен кейін 2023 жылы 3 шілдеде Маңғыстау атом энергия комбинатының 1-энергия блогында болған апатқа байланысты Атырау МӨЗ-нің жұмысы тоқтап қалды. Электр қуаты берілмегендіктен АМӨЗ-дің барлық технологиялық қондырғысы қауіпсіз түрде тоқтатылды. Апатты жағдайдың алдын алу және қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін апатты жою алгоритміне сай барлық қондырғылардан көмірсутек газы факелға жіберілді. Сыртқы желілер тарапынан электр энергиясының тұрақты берілуіне қарай зауыттың технологиялық қондырғылары қалыпты режимге шыға бастады және 6 шілдеде АМӨЗ-дің жұмысы жанданды.
- Жалпы, соңғы жылдары ҚМГ кен орындарында Маңғыстау атом энергия комбинатындағы апаттарға байланысты электр қуатын өшіру жиілеп кетті. Бұл «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ және «Қаражанбасмұнай» АҚ мұнай өндіруші кәсіпорындарының өндіру көлеміне кері әсерін тигізеді.

## Өндірістік нәтижелері

2022 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 2023 жылдың бірінші жартыжылдығындағы басты өндірістік көрсеткіштері:

- Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 10,1%-ға өсті және 11 860 мың тоннаны құрады;
- Мұнай тасымалдау көлемі 5,8%-ға артып, 39 309 мың тоннаға жетті;
- Қазақстан және Румыниядағы мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 4,0%-ға өсіп, 10 109 мың тоннаға жетті.

	2023 6А (ҚМГ үлесіне)	2022 6А (ҚМГ үлесіне)	%
Мұнай өндіру, мың тонна	11 860	10 774	+10,1%
Газ өндіру, млн м <sup>3</sup>	4 789	4 110	+16,5%
Мұнай тасымалдау, мың тонна	39 309	37 157	+5,8%
Мұнай өңдеу, мың тонна	10 109	9 721	+4,0%

Өндірістік көрсеткіштер егер өзгеше көрсетілмесе, бірлескен және қауымдасқан компаниялардағы ҚМГ-нің иелену үлесіне сәйкес шоғырландырылған еншілес ұйымдар үшін көрсеткіштердің 100%-ы көрсетілген.

### Көмірсутек шикізатын өндіру

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында ҚМГ мұнайы мен газ конденсатын өндіру көлемі 10,1%-ға ұлғайып, 11 860 мың тонна мұнайға (тәулігіне 494 мың баррель) жетті. Ілеспе және табиғи газ өндіру көлемі (кері айдау көлеміне дейін) 16,5%-ке 4 789 млн м<sup>3</sup> дейін ұлғайды.

Мұнай мен конденсат өндіру, мың тонна	2023 6А (ҚМГ үлесіне)	2022 6А (ҚМГ үлесіне)	%
Өзенмұнайгаз	2 474	2 501	-1,1%
Маңғыстаумұнайгаз	1 538	1 474	+4,3%
Ембімұнайгаз	1 325	1 267	+4,6%
Теңіз	2 981	2 867	+4,0%
Қашаған <sup>1</sup>	1 536	601	+155,4%
Қарашығанақ	549	549	+0,1%
Өзгелері	1 457	1 514	-3,8%
<b>Барлығы</b>	<b>11 860</b>	<b>10 774</b>	<b>+10,1%</b>

<sup>1</sup> ҚМГ 2022 жылдың 15 қыркүйегінен бастап жобаның 16,88% үлесіне ие

Теңізде мұнай өндіру былтырғы ұқсас кезеңіндегі өндіру көлемімен салыстырғанда 4,0%-ға өсіп, 2 981 мың тоннаны (тәулігіне 131 мың баррель) құрады. Өсім жоспарлы өндіру көрсеткіштеріндегі өзгерістермен, сондай-ақ КҚК-дағы жағдайға байланысты былтыр көктемде енгізілген өндірістік шектеулерге байланысты болды. Ілеспе газ өндіру 1 656 млн м<sup>3</sup> көрсетіп, 3,6%-ға артты.

Қашағанда ҚМГ үлесі былтыр қыркүйекте «Самұрық-Қазына» АҚ-ның «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК-дегі 50% үлесін кері сатып алу бойынша аяқталған мәміле нәтижесінде 8,44%-дан 16,88%-ға дейін өсуіне, сондай-ақ 2022 жылы маусымда теңіз және жерүсті кешендерде жүргізілген жоспарлы күрделі жөндеу мен былтыр тамыз және қыркүйек айларында іске қосылған жаңарған 2 шикі газ айдау компрессорының пайдалануға берілуіне байланысты өндіру көлемі айтарлықтай өсті. Қашағандағы мұнай мен газ өндіру көлемі ҚМГ үлесіне 1 536

мың тоннаны (тәулігіне 67 мың баррель) және тиісінше 976 млн м<sup>3</sup> құрап, 155,4% және тиісінше 162,2% өсім көрсетті.

Қарашығанақта мұнай мен конденсат өндіру көлемі 549 мың тоннамен (тәулігіне 24 мың барр.) өзгеріссіз қалды. Газ өндірісі 5,6%-ға артып, 1 109 млн м<sup>3</sup> құрады, мұнай мен конденсат өндірісі өзгеріссіз қалып, шикі газ өндірісінің ұлғаюы кен орнында газ факторының өсуі салдарынан болды.

Операциялық активтердегі мұнай мен конденсат өндіру көлемі 0,5%-ға, сәйкесінше 6 794 мың тоннаға (272 мың барр. тәулігіне) өсті. Мұнай және конденсат өндіру көлемі Ембімұнайгаз бен Маңғыстаумұнайгаз кен орындарында бұрғылау, ұңғымаларды күрделі жөндеу және гидравликалық қабаттың жарылуы бойынша сәтті жүргізілген геологиялық-техникалық іс-шаралар есебінен артты. Бұл ретте Қазгермұнайда қолда бар кен орнының жетілуінен өндірудің табиғи төмендеуіне байланысты өндіру деңгейінің төмендеуі байқалады. Газ өндіру ұңғымалар мен газ қабылдау тораптары арасындағы желінің өткізу қабілеттілігінің төмендеуіне байланысты көбінесе Қазақтүрікмұнайдағы көлемнің төмендеуіне байланысты 3,8%-ке, 1 047 млн м<sup>3</sup> дейін төмендеді.

### Мұнай тасымалдау

Мұнайды магистральды және теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі 5,8%-ға, 39 309 мың тоннаға дейін артты.

Мұнай тасымалдау <sup>1</sup> , мың тонна	2023 6А (100%)	2023 6А (ҚМГ үлесіне)	2022 6А (ҚМГ үлесіне)	%
ҚазТрансОйл	21 353	21 353	19 959	+7,0%
Қазақстан-Қытай құбыры	9 287	4 644	4 864	-4,5%
МұнайТас <sup>2</sup>	2 731	1 393	1 337	+4,2%
Каспий құбыр консорциумы	32 210	6 684	6 325	+5,7%
Қазақтеңізкөлікфлоты	5 235	5 235	4 673	+12,0%
<b>Жиыны</b>	<b>-</b>	<b>39 309</b>	<b>37 157</b>	<b>+5,8%</b>

<sup>1</sup> Мұнай көлемдерінің бөлігі екі немесе үш құбыр компаниялары арқылы тасымалдануы мүмкін және тиісінше бұл көлем мұнайды тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде бір реттен артық ескеріледі.

<sup>2</sup> МұнайТас – үлес әдісімен шоғырландырылатын бірлескен кәсіпорын, осыған байланысты тасымалдау көлемі иелік ететін 51% үлеске сәйкес көрсетілген.

Мұнайды магистральды құбырлар арқылы тасымалдау көлемі 4,9%-ға артып, 34 073 мың тоннаға жетті. Негізгі өсім ҚазТрансОйл жүйесі бойынша Самара бағытында және КҚК жүйесінде Қашаған және Теңіз мұнайын тасымалдау, сондай-ақ Ақтау порты бағытында мұнайды тасымалдау көлемінің ұлғаюымен түсіндірілді.

Мұнайды теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі 12,0%-ға, 5 235 мың тоннаға дейін артты, есепті кезеңде өсім негізінен Қара теңіз акваториясы арқылы Мидия портының (Румыния) бағытында КҚК арқылы тасымалданатын мұнай көлемінің қалпына келуіне байланысты болды.

### Көмірсутек шикізатын сату

ҚМГ өндірген мұнай мен газ конденсатын сату көлемі 12,5%-ға ұлғайып, 12 164 мың тоннаға жетті, оның 65,3%-ы экспортқа жіберілді.

Ішкі нарықтың қажеттіліктерін өтеу үшін Компания өндірген 4 215 мың тонна мұнай мен газ конденсаты ішкі нарыққа жеткізілді, оның ішінде операциялық активтердің (Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз, Қазақтүрікмұнай және Өріктау Оперейтинг) 2 515 мың тонна шикі мұнайы өңдеу

және өңделген мұнай өнімдерін әрі қарай сату үшін Атырау мұнай өңдеу зауытына (АМӨЗ), Шымкент мұнай өңдеу зауытына (ПҚОП) және Павлодар мұнай-химия зауытына (ПМХЗ) жеткізілді.

### Көмірсутек шикізатын өңдеу

Көмірсутек шикізатын өңдеу, мың тонна	2023 6А (ҚМГ үлесіне)	2022 6А (ҚМГ үлесіне)	%
АМӨЗ	2 881	2 681	+7,5%
ПМХЗ	2 772	2 839	-2,4%
ПҚОП <sup>1</sup>	1 380	1 518	-9,1%
Caspi Bitum <sup>1</sup>	201	211	-4,5%
Петромидия	2 681	2 310	+16,1%
Вега	193	163	+18,5%
<b>Барлығы</b>	<b>10 109</b>	<b>9 721</b>	<b>+4,0%</b>

<sup>1</sup> ПҚОП және Caspi Bitum зауыттарындағы өңдеу көлемі 50% үлесіне сай көрсетілген.

2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда КСШ өңдеудің жалпы көлемі 4,0%-ға артып, 10 109 мың тоннаға жетті:

- Қазақстандық МӨЗ-дерде КСШ өңдеу аз көлемде 0,2%-ға азайып, 7 234 мың тонна болды. ПҚОП және ПМХЗ зауыттарында биыл жүргізілген жоспарлы-алдын алу жөндеу жұмыстарына байланысты өңдеу көлемінің азайғаны байқалды. Бұл ретте бұл төмендеу АМӨЗ-де қайта өңдеу көлемінің 200 мың тоннаға ұлғаюымен өтелді.
- Румыниядағы KMG International (Петромидия, Вега) зауыттарындағы қайта өңдеу көлемі 16,2%-ке азайды және 2 875 мың тоннаны құрады. Есепті кезеңде қайта өңдеу көлемінің ұлғаюы өткен жылы Петромидияны жоспарлы жөндеуге зауыттың ұзақ тоқтауымен және есепті кезеңде мұнай өнімдеріне сұраныстың артуымен байланысты.

Қазақстандық және румындық зауыттарда мұнай өнімдерін өндіру көлемі 3,9%-ға өсіп, 9 315 мың тоннаға жетті:

- Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттары 6 519 мың тонна мұнай өнімдерін өндірді, бұл 2022 жылдың ұқсас кезеңінің көрсеткіштерінен 0,4%-ға аз, оған ПҚОП және ПМХЗ зауыттарының жоспарлы-алдын алу жөндеу жұмыстарына тоқтауы себеп;
- KMG International (Петромидия, Вега) зауыттары 2 796 мың тонна мұнай өнімдерін өндірді, бұл былтырғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 15,5%-ға жоғары. Көрсеткіштердің артуы Петромидия зауытында өңдеу көлемінің өсуіне байланысты болды.

## Қаржылық нәтижелер

2022 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 2023 жылдың бірінші жартыжылдығындағы басты қаржы көрсеткіштері:

- Түсім 4 642 млрд теңгемен (10 315 млн АҚШ доллары) салыстырғанда 3 943 млрд теңгені (8 726 млн АҚШ долларын) құрады;
- EBITDA көрсеткіші 1 393 млрд теңгемен (3 095 млн АҚШ доллары) салыстырғанда 1 116 млрд теңгені (2 470 млн АҚШ долларын) құрады.
- Бірлесіп бақылауға алынатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар кірісіндегі үлесті ескергенде, Компанияның таза пайдасы 492 млрд теңгені (1 088 млн АҚШ долларын) құрады. Былтыр бұл көрсеткіш 775 млрд теңге (1 722 млн АҚШ доллары) көлемінде тіркелген.
- Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар кірісінің үлесіне шаққандағы таза пайда<sup>1</sup> 266 млрд теңге (589 млн АҚШ доллары) болды. 2022 жылы таза пайда көлемі 352 млрд теңгені (782 млн АҚШ долларын) құраған.
- Бос ақша ағымы былтырғы 571 млрд теңгемен (1 268 млн АҚШ доллары) салыстырғанда 217 млрд теңгені (481 млн АҚШ долларын) құрады;
- 2023 жылдың 30 маусымындағы жалпы қарыз көлемі - 3 977 млрд теңге (8 788 млн АҚШ доллары). 2022 жылы 31 желтоқсанда бұл көрсеткіш 4 143 млрд теңгені (8 956 млн АҚШ долларын) құраған;
- 2023 жылғы 30 маусымдағы Компанияның таза қарызы 2022 жылғы 31 желтоқсандағы 2 143 млрд теңге (4 632 млн АҚШ доллары) деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 2 255 млрд теңгені (4 983 млн АҚШ доллары) құрады.

Көрсеткіш атауы	Өлшем бірлігі	2023 1-ж	2022 1-ж	%
Мұнай, Dated Brent <sup>2</sup>	\$/барр.	79,66	107,94	-26,2%
Мұнай, Dated Urals <sup>2</sup>	\$/барр.	53,86	84,86	-36,5%
Мұнай, KECO <sup>3</sup>	\$/барр.	77,74	89,32	-
Орташа бағам	теңге/АҚШ доллары	451,80	450,06	+0,4%
Түсім	млрд теңге	3 943	4 642	-15,1%
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірісіндегі үлесі	млрд теңге	400	546	-26,8%
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд	млрд теңге	174	123	+41,8%
Таза пайда	млрд теңге	492	775	-36,6%
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен	млрд теңге	266	352	-24,3%

<sup>1</sup> Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар кірісіндегі үлесіне түзетілген таза пайда = Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан ұйымдардан алынған дивидендтерді қосқандағы, бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесін шегергендегі таза пайда.

<sup>2</sup> Дереккөз: S&P Global Platts. KECO мұнайына баға белгілеудің басталуы 06.06.2022 ж.



қауымдасқан компаниялардағы үлеске түзетілген таза пайда				
ЕБИТДА <sup>3</sup>	млрд теңге	1 116	1 393	-19,9%
ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші <sup>4</sup>	млрд теңге	891	970	-8,2%
Күрделі шығындар (есептеу әдісі бойынша)	млрд теңге	301	191	+57,9%
Күрделі шығындар (кассалық әдіс бойынша)	млрд теңге	354	191	+85,7%
Бос ақша ағымы <sup>5</sup>	млрд теңге	217	571	- 61,9%
Жалпы қарыз <sup>6</sup>	млрд теңге	3 977	4 143 <sup>7</sup>	-4,0%
Таза қарыз <sup>8</sup>	млрд теңге	2 255	2 143 <sup>7</sup>	+5,2%

## 2023 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қаржылық нәтижелер туралы толығырақ

### Түсім

Түсім 3 943 млрд теңгені (8 726 млн АҚШ долларын) құрады, бұл 2022 жылғы бірінші жартыжылдықтың көрсеткішінен 15,1%-ға төмен.

Түсім динамикасына 2022 жылдың осындай кезеңіне қатынасы бойынша 2023 жылғы бірінші жартыжылдықта Brent маркалы мұнайдың орташа бағасының 26,2%-ға төмендеуі кері әсерін тигізді.

### Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірісіндегі үлесі

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірісіндегі үлесі негізінен «Теңізшевройл» ЖШС-нен түсетін пайданың 139 млрд теңгеге (310 млн АҚШ доллары), «Маңғыстау Инвестментс Б.В.» компаниясынан 20 млрд теңгеге (45 млн АҚШ доллары) және Каспий Құбыр Консорциумы пайдасының 18 млрд теңгеге (40 млн АҚШ доллары) төмендеуі нәтижесінде 26,8%-ға азайды және 400 млрд теңгені (885 млн АҚШ долларын) құрады.

### ЕБИТДА

2023 жылғы бірінші жартыжылдықта ЕБИТДА көрсеткіші негізінен Brent маркалы мұнайға орташа бағаның арзандауына байланысты Мұнай және газды барлау мен өндіру сегментінде 25,0%-ға

<sup>3</sup> ЕБИТДА = түсім плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны минус өндірістік шығыстар минус жалпы және әкімшілік шығындар минус тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар минус табыс салығынан басқа салықтар.

<sup>4</sup> ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші = түсім плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны минус өндірістік шығыстар минус жалпы және әкімшілік шығыстар минус тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар минус табыс салығынан басқа салықтар.

<sup>5</sup> Бос ақша ағымы = негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау мен бағалау активтерін сатып алуды алып тастағанда операциялық қызметтен алынған ақша ағымы. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер операциялық қызметтен алынған ақша ағымына енгізілген.

<sup>6</sup> Есепті кезеңнің соңындағы жалпы қарыз = облигациялар плюс қарыздар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

<sup>7</sup> Жалпы қарыз және таза қарыз 2022 жылғы 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша көрсетілген.

<sup>8</sup> Есепті кезеңнің соңындағы таза қарыз: облигациялар плюс қарыздар минус ақша қаражаттары және олардың баламалары, минус банктік салымдар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

төмендеу салдарынан 1 393 млрд теңгемен (3 095 млн АҚШ долларын) салыстырғанда 1 116 млрд теңгені (2 470 млн АҚШ долларын) құрап, 19,9%-ға төмендеді.

#### *EBITDA түзетілген көрсеткіші*

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлестің орнына бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алған дивидендтерді көрсететін EBITDA түзетілген көрсеткіші 8,2%-ға төмендегенін көрсетіп, 891 млрд теңгені (1 971 млн АҚШ долларын) құрады.

#### *Таза пайда*

Компанияның таза пайдасы 2022 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 36,6%-ға төмендеп, 492 млрд теңгені (1 088 млн АҚШ долларын) құрады.

#### *Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың үлесіне шаққандағы таза пайда*

Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың үлесіне шаққандағы таза пайда 24,3%-ға, яғни 352 млрд теңгеден (782 млн. АҚШ доллары) 266 млрд теңгеге (589 млн АҚШ доллары) дейін қысқарды.

#### *Өзіндік құн*

Есепті кезеңде сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа да материалдардың өзіндік құны 2 162 млрд теңгеге (4 786 млн АҚШ доллары) жетіп, 23,3%-ға төмендеді. Өзіндік құнның едәуір төмендеуіне мұнайдың орташа бағасының арзандауына байланысты қайта сату үшін сатып алынатын мұнай бойынша шығындардың қысқаруы себеп болды.

#### *Операциялық шығыстар*

Өндіріс шығыстары негізінен ҚМГ қызметін жүргізетін өңірлердегі қызметкерлердің жалақысын көтеруге және қысқа мерзімге жалға алуға жұмсалған шығынның артуына байланысты 19,8%-ға өсіп, 590 млрд теңге (1 307 млн АҚШ доллары) болды.

Тасымалдау және сату бойынша шығыстар 120 млрд теңгені (265 млн АҚШ долларын) құрады, бұл 2022 жылғы бірінші жартыжылдықпен салыстырғанда 21,7%-ға жоғары. Көрсеткіштің өсуіне KMG International мұнай өнімдерін сату көлемінің және KMG Kashagan B.V. бойынша сату көлемінің артуы себеп болды.

Жалпы және әкімшілік шығыстар 5,9%-ға артып, 72 млрд теңгеге (160 млн. АҚШ долларын) жетті. Бұған жалақыны көтеруге жұмсалған шығынның артуы себеп болды.

Табыс салығынан басқа салықтар 11,4%-ға азайып, 282 млрд теңгені (625 млн АҚШ долларын) құрады. Бұған негізінен мұнай бағасының төмендеуі себепінен шикі мұнай экспортына ренталық салық және пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша шығыстардың азаюы әсер етті.

Қаржы шығындары 157 млрд теңгені (346 млн АҚШ долларын) құрап, өзгеріссіз қалды.

### *Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы*

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша құнсыздану индикаторларының болуына, атап айтқанда, мұнай және газ нарығында мұнай өңдеу маржасының жоғары құбылмалылығына байланысты KMG International негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануына тест жүргізіп, 95,0 млрд теңге мөлшерінде құнсыздану шығынын анықтады.

Сонымен қатар, 2023 жылы маусымда KMG International еншілес ұйымы Петромидия МӨЗ-де жеңіл гидрокрекинг қондырғысында өрт шықты. Жүргізілген бағалау нәтижесі бойынша негізгі құралдардың 3,7 млрд теңге мөлшерінде құнсыздану шығыны анықталды.

Осылайша, ҚМГ тобы бойынша негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің құнсыздануынан болған шығынның жалпы сомасы биылғы алты ай бойынша 98,9 млрд теңгені құрады.

### *Күрделі шығындар*

Компанияның күрделі шығындары (есептеу әдісі бойынша, сегменттік есептілікте жария етілген) 57,9%-ға артып, 301 млрд теңгеге (667 млн АҚШ доллары) жетті. Бұған негізінен «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС-да ұңғымаларды бұрғылауға, шығын «Өзен-Атырау-Самара» құбырлар учаскесін ауыстыруға және «Астрахань-Маңғыстау» магистральды су құбырын реконструкциялау мен кеңейтуге жұмсалған шығын себеп болды.

### *Бос ақша ағымы*

Бос ақша ағымы 2022 жылғы бірінші жартыжылдықтағы 571 млрд теңгемен (1 268 млн АҚШ доллары) салыстырғанда 217 млрд теңгені (481 млн АҚШ долларын) құрады. Көрсеткіштің төмендеуі есепті кезеңде мұнай бағасының төмендеуімен, сондай-ақ күрделі шығындардың артуымен байланысты болды.

### *Қарызды басқару*

#### **Қарыз жүктемесінің көрсеткіштері**

<b>Көрсеткіштің атауы</b>	<b>Өлшем бірлігі</b>	<b>2023 жылғы 30 маусым</b>	<b>2022 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>%</b>
Облигация	млрд теңге	3 020	3 282	-8,0%
Қарыз	млрд теңге	957	862	+11,0%
<b>Жалпы қарыз</b>	<b>млрд теңге</b>	<b>3 977</b>	<b>4 143</b>	<b>-4,0%</b>

*Дөңгелектеу салдарынан сандар қосылмауы мүмкін.*

2023 жылғы 30 маусымдағы жалпы қарыз 2022 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда теңгемен 4,0%-ға және доллармен 1,9%-ға төмендеп, 3 977 млрд теңгені (8 788 млн АҚШ долларын) құрады.

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында ҚМГ қарыздарының өсуі көбіне айналым капиталының мақсаты үшін KMG International-дың 310 млн АҚШ доллары (140 млрд теңгеге тең) сомасында синдикатталған қарыз алуына байланысты болды.

2023 жылы сәуірде қарыз жүктемесін азайту мақсатында ҚМГ 2025 жылға дейін өтеу мерзімімен 500 млн АҚШ доллары сомасында Еурооблигацияларды мерзімінен бұрын толық өтеді.

### Таза қарыз

2023 жылғы 30 маусымдағы таза қарыз 2022 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішке қатынасы бойынша теңгемен 5,2%-ға және доллармен 7,6%-ға артып, 2 255 млрд теңгеге (4 983 млн АҚШ долларын) жетті.

### Қаражат

#### Шоғырландырылған қаражат, оның баламасы және депозит түріндегі қаржы

Көрсеткіштің атауы	Өлшем бірлігі	2023 жылғы 30 маусым	2022 жылғы 31 желтоқсан	%
Қаржы және оның баламасы	млрд теңге	1 070	763	+40,2%
Қысқа мерзімді депозиттер	млрд теңге	593	1 178	-49,7%
Ұзақ мерзімді депозиттер	млрд теңге	59	59	-0,7%
<b>Қаржы, оның баламасы және депозит түріндегі қаражат</b>	<b>млрд теңге</b>	<b>1 722</b>	<b>2 000</b>	<b>-13,9%</b>

*Дөңгелектеу салдарынан сандар қосылмауы мүмкін.*

2023 жылы 30 маусымдағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаражат, оның баламасы, сонымен бірге депозит түріндегі қаражат 2022 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 13,9%-ға төмендеді және 1 722 млрд теңгені (3 805 млн АҚШ долларын) құрады. Доллар түрінде бұл көрсеткіш 2022 жылғы 31 желтоқсандағы 4 323 млн АҚШ доллары деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 12,0%-ға төмендеді.

## **Компанияның негізгі тәуекелдері**

ҚМГ үнемі өзгеріп отыратын ортада жұмыс істейді.

Кейбір тәуекелдер уақыт өте келе дамуы мүмкін және ықтимал әсерлер мен ықтималдық ішкі және сыртқы факторларға жауап ретінде өзгеруі мүмкін.

ҚМГ стратегияны жүзеге асыруға әсер етуі мүмкін негізгі тәуекелдер мен белгісіздіктерді басқарады, бақылайды және есеп береді.

Қоғамға тән, оның қызметінің нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ерекше тәуекел факторлары бар.

### **Мұнай бағасының жоғары құбылмалылығы**

Мұнай бағасы құбылмалы және төмендеуі мүмкін. Бұл ҚМГ қаржылық көрсеткіштерінің төмендеуіне тікелей әсер етеді.

Мұнай бағасы төмендеген кезде Компанияның еркін ақша айналымы және сәйкесінше дивидендтер төлеу мүмкіндігі төмендейді.

### **Өндіріс көлемінің төмендеу қаупі**

Соңғы жылдары МАЭК тарапынан ҚМГ кен орындарында электр қуатын авариялық өшіру санының артуы байқалды, бұл «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ және «Қаражанбасмұнай» АҚ мұнай өндіруші ұйымдарының өндіру көлеміне теріс әсер етеді.

Алдын ала бағалаулар бойынша, тамыз айының ортасындағы жағдай бойынша, 2023 жылдың басынан бері жоғалған мұнай көлемі 416 мың тоннаны құрады, бұл аталған компаниялардың мұнайды экспорттық сатудан жоғалтқан жалпы кірісі түріндегі және Қазақстан Республикасы бюджетінің тапшылығы шамамен 99 млрд теңгені білдіреді.

### **Экспортқа мұнайды тасымалдау және сату көлемінің төмендеу тәуекелі**

Егер компанияның экспорттық бағыттары техникалық ақауларға, ластануға, қауіпсіздік мәселелеріне, саяси оқиғаларға, табиғи апаттарға, қоғамдық денсаулыққа қауіп-қатерлерге және жаһандық пандемияға байланысты немесе Компания серіктестерімен келіспеушіліктерге байланысты қандай да бір жолмен қысқартылса немесе жабылса, бұл басқалармен қатар, экспортқа елеулі жағымсыз әсер ету, бұл өз кезегінде Компанияның бизнесіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша ағындарына немесе қызмет нәтижелеріне елеулі жағымсыз әсер етеді.

Сонымен қатар, Компанияның қызметіне қосымша әртүрлі тәуекел факторлары өз әсерін тигізеді.

Негізгі тәуекел факторларының тізбесі олардың сипаттамасымен және ықтимал салдарларымен, сондай-ақ тәуекелдерді азайту және тәуекелдерді басқару бойынша қабылданатын шаралар Компанияның веб-сайтында орналастырылған ҚМГ акцияларының проспектісінде және Компанияның 2022 жылға арналған жылдық есебінде ашылған ([www.kmg.kz](http://www.kmg.kz))

## **Жауапкершілік туралы мәлімдеме**

Қоғам Жарғысының 14-бабының 29-тармағына сәйкес Басқарма ҚМГ бағалы қағаздарының саудасы жүзеге асырылатын қор биржаларының ережелерінің талаптарын негізге ала отырып, ҚМГ жартыжылдық есебін бекітеді.

Басқарма құрамы және Басқарма құрамының әрбір мүшесі Жартыжылдық есеп пен есептілікті дайын- дау және келісу кезінде өз жауапкершілігін түсінетінін мәлімдейді және Жартыжылдық есеп пен есептілікті тұтастай алғанда, әділ, теңдестірілген және түсінікті деп есептейді, сондай-ақ акционерлерге Компанияның жағдайын, қызмет нәтижелерін, бизнес-моделін және стратегиясын бағалау үшін қажетті ақпаратты қамтиды.

Басқарма құрамының әрбір мүшесі өзінде бар ақпаратты негізге ала отырып, мыналарды растайды:

- Халықаралық қаржылық есептілік стандарт- тарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған қаржы есептілігі Компанияның активтері, міндеттемелері, қаржылық жағдайы, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері, Компанияның еншілес кәсіпорындарымен біріктірілген балансы туралы шынайы және сенімді ақпарат береді;
- есеп Компания мен оның еншілес кәсіпорындарының қаржы-шаруашылық қызметінің дамуы және көрсеткіштері мен қаржылық жай-күйі туралы сенімді деректерді, сондай-ақ олар тап болатын аса маңызды тәуекелдер мен белгісіздіктерді сипаттайды.



«Эрнст энд Янг» ЖШС  
Әл-Фараби д-лы, 77/7  
«Есентай Тауэр» ғимараты  
Алматы қ., 050060  
Қазақстан Республикасы  
Тел.: +7 727 258 59 60  
Факс: +7 727 258 59 61  
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»  
пр. Аль-Фараби, д. 77/7  
здание «Есентай Тауэр»  
г. Алматы, 050060  
Республика Казахстан  
Тел.: +7 727 258 59 60  
Факс: +7 727 258 59 61  
www.ey.com

Ernst & Young LLP  
Al-Farabi ave., 77/7  
Esentai Tower  
Almaty, 050060  
Republic of Kazakhstan  
Tel.: +7 727 258 59 60  
Fax: +7 727 258 59 61  
www.ey.com

## **Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексерудің нәтижелері жөніндегі есеп**

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ-ның Акционерлеріне, Директорлар кеңесі мен Басшылығына

### ***Кіріспе***

Біз «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ -ның және оның еншілес ұйымдарының қоса беріліп отырған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолып тексеруді жүргіздік, әрі ол 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есептен, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған үш және алты ай үшін жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есептен, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы аралық шоғырландырылған есептен және көрсетілген күнге аяқталған алты ай үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық шоғырландырылған есептен, сондай-ақ іріктелген түсіндірме ескертпелерден («аралық қаржылық ақпарат») тұрады. Басшылық *«Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS)* Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес осы аралық қаржылық ақпаратты дайындау және оны ұсыну үшін жауапкершілік көтереді. Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде осы аралық қаржылық ақпарат жөнінде тұжырымды қалыптастыру болып табылады.

### ***Шолып тексеру көлемі***

Біз шолып тексеруді 2410 *«Ұйымның тәуелсіз аудиторы орындайтын аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеру»* шолып тексерулердің Халықаралық стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеруге ең алдымен қаржы мәселелері мен бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сұратуларды жолдау, сондай-ақ шолып тексеруге жататын талдау және өзге де рәсімдерді қолдану кіреді. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргізілетін аудит көлемінен айтарлықтай аз болады және сондықтан шолып тексеру аудит процесінде анықталуы мүмкін барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуымызға мүмкіндік бермейді. Тиісінше, біз аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

### **Тұжырым**

Жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының қоса беріліп отырған аралық қаржылық ақпараты барлық елеулі аспектілерде «Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес дайындалмады деп пайымдауға болатындай негіздеме ретінде болуы мүмкін фактілер анықталмады.

### **„Эрнст энд Янг“ ЖШС**



Кайрат Медетбаев  
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 8 ақпандағы  
№ МФ-0000137 біліктілік куәлігі



Ольга Хегай  
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің  
бас директорының м.а.

Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде  
берген сериясы МФЮ-2 №0000003  
болатын Қазақстан Республикасының  
аумағында аудиторлық қызметпен  
айналысуға арналған мемлекеттік  
лицензия

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,  
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2023 жылғы 18 тамыз



**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ**  
**ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

	Ескер.	30 маусымда аяқталған үш ай үшін		30 маусымда аяқталған алты ай үшін	
		2023 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)*	2023 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)*
<i>Миллион теңгемен</i>					
<b>Түсім және басқа да кірістер</b>					
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	5	<b>2.055.731</b>	2.460.454	<b>3.942.652</b>	4.642.395
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто	6	<b>208.022</b>	273.692	<b>399.719</b>	546.245
Қаржылық кіріс	13	<b>37.496</b>	31.750	<b>75.048</b>	54.288
Басқа да операциялық кіріс	27	<b>33.705</b>	2.894	<b>39.518</b>	10.038
<b>Түсім және басқа да кірістер жиыны</b>		<b>2.334.954</b>	2.768.790	<b>4.456.937</b>	5.252.966
<b>Шығыстар мен шығындар</b>					
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	7	<b>(1.130.540)</b>	(1.352.276)	<b>(2.162.262)</b>	(2.817.958)
Өндірістік шығыстар	8	<b>(329.933)</b>	(305.298)	<b>(590.286)</b>	(492.748)
Табыс салығынан басқа салықтар	9	<b>(140.387)</b>	(192.767)	<b>(282.271)</b>	(318.660)
Тозу, тауысылу және амортизация		<b>(144.026)</b>	(117.660)	<b>(295.894)</b>	(260.375)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	10	<b>(58.353)</b>	(52.413)	<b>(119.523)</b>	(98.212)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	11	<b>(38.913)</b>	(34.836)	<b>(72.087)</b>	(68.093)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау шығыстарының құнсыздануы	12	<b>(138.965)</b>	677	<b>(139.275)</b>	630
Қаржылық шығындар	13	<b>(79.893)</b>	(70.961)	<b>(156.500)</b>	(156.099)
Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто	2	<b>30.965</b>	(109.546)	<b>23.789</b>	(40.349)
Басқа да шығыстар		<b>(9.599)</b>	(8.198)	<b>(13.889)</b>	(14.233)
<b>Шығыстар мен шығындар жиыны</b>		<b>(2.039.644)</b>	(2.243.278)	<b>(3.808.198)</b>	(4.266.097)
<b>Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда</b>		<b>295.310</b>	525.512	<b>648.739</b>	986.869
Табыс салығы бойынша шығыстар	14	<b>(91.322)</b>	(82.504)	<b>(157.195)</b>	(211.671)
<b>Кезеңдегі таза пайда</b>		<b>203.988</b>	443.008	<b>491.544</b>	775.198

Миллион теңгемен	30 маусымда аяқталған үш ай үшін		30 маусымда аяқталған алты ай үшін		
	Ескер.	2023 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)*	2023 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)*
<b>Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)</b>					
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс/(зиян)</i>					
Хеджирлеу әсері	23	188	(28.653)	988	(37.120)
Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеуден болған бағамдық айырма		11.467	81.717	(163.517)	642.698
Салық әсері		(884)	(5.875)	12.816	(43.693)
<b>Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жататын таза басқа да жиынтық кіріс/(зиян)</b>					
		10.771	47.189	(149.713)	561.885
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс</i>					
Табыс салығын шегере отырып, белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған кіріс		237	1.642	237	1.642
Табыс салығын шегере отырып, бірлескен кәсіпорындардың белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған кіріс/(зиян)		356	(15)	384	116
<b>Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жатпайтын таза басқа да жиынтық кіріс</b>					
		593	1.627	621	1.758
<b>Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі таза басқа да жиынтық кіріс/(зиян)</b>					
		11.364	48.816	(149.092)	563.643
<b>Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі жиынтық кірістің жиыны</b>					
		215.352	491.824	342.452	1.338.841
<b>Мыналарға келетін кезеңдегі таза пайда/(зиян):</b>					
Бас компанияның акционерлеріне		243.675	397.780	525.415	754.400
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		(39.687)	45.228	(33.871)	20.798
		203.988	443.008	491.544	775.198
<b>Мыналарға келетін жиынтық кіріс/(зиян) жиыны:</b>					
Бас компанияның акционерлеріне		255.003	446.511	376.281	1.317.639
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		(39.651)	45.313	(33.829)	21.202
		215.352	491.824	342.452	1.338.841
<b>Акцияға пайда** - мың теңгемен</b>					
Базалық және бөлінген		0,40	0,65	0,86	1,24

\* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені түзетулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 4-ескертпеде келтірілген.

\*\* 2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жай акциялардың саны 610.119.493 дана болды.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

<i>Миллион теңгемен</i>		<b>2023 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)</b>	2022 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)
	<b>Ескер.</b>		
<b>Активтер</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Барлау және бағалау бойынша активтер		<b>244.029</b>	251.280
Негізгі құралдар	15	<b>6.795.189</b>	6.989.837
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		<b>16.940</b>	17.304
Материалдық емес активтер		<b>868.049</b>	918.253
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		<b>107.686</b>	76.567
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	17	<b>5.032.561</b>	4.947.403
Өтелуге жататын ҚҚС		<b>21.910</b>	16.760
Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар		<b>69.693</b>	52.982
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес активтер		<b>4.438</b>	3.713
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек		<b>121.143</b>	129.857
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері		<b>9.795</b>	10.672
Ұзақ мерзімді банк салымдары	16	<b>58.817</b>	59.229
Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер		<b>42.872</b>	41.598
		<b>13.393.122</b>	13.515.455
<b>Қысқа мерзімді активтер</b>			
Тауар-материалдық қорлар		<b>339.413</b>	309.425
Сауда дебиторлық берешек	18	<b>634.556</b>	519.537
Өтелуге жататын ҚҚС		<b>54.070</b>	42.697
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		<b>39.894</b>	36.167
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер	18	<b>162.066</b>	109.137
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек	25	<b>52.512</b>	119.874
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	18	<b>87.500</b>	57.057
Қысқа мерзімді банк салымдары	16	<b>593.179</b>	1.178.138
Ақша қаражаты мен оның баламалары	19	<b>1.069.826</b>	762.817
		<b>3.033.016</b>	3.134.849
Сатуға арналған деп жіктелген активтер		<b>384</b>	459
		<b>3.033.400</b>	3.135.308
<b>Активтердің жиыны</b>		<b>16.426.522</b>	16.650.763

<i>Миллион теңгемен</i>		<b>2023 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)</b>	2022 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)
		<b>Ескер.</b>	
<b>Капитал және міндеттемелер</b>			
<b>Капитал</b>			
Жарғылық капитал		<b>916.541</b>	916.541
Қосымша төленген капитал		<b>1.142</b>	1.142
Басқа да капитал		<b>(771)</b>	(1.759)
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		<b>4.058.869</b>	4.209.612
Бөлінбеген пайда		<b>5.039.664</b>	4.809.455
<b>Бас компанияның акционерлеріне жататын</b>		<b>10.015.445</b>	9.934.991
Бақыланбайтын қатысу үлесі		<b>(97.460)</b>	(61.541)
<b>Капитал жиыны</b>		<b>9.917.985</b>	9.873.450
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Қарыздар мен облигациялар	20	<b>3.524.351</b>	3.775.891
Жалдау бойынша міндеттемелер	21	<b>96.147</b>	65.872
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	23	<b>15.336</b>	15.080
Резервтер	22	<b>231.672</b>	210.722
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		<b>66.546</b>	66.096
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес міндеттемелер	23	<b>38.831</b>	41.548
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер		<b>1.072.102</b>	999.010
		<b>5.044.985</b>	5.174.219
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			
Сауда кредиторлық берешек	23	<b>586.768</b>	564.906
Қарыздар мен облигациялар	20	<b>452.205</b>	367.443
Жалдау бойынша міндеттемелер	21	<b>16.608</b>	15.682
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	23	<b>120.644</b>	283.717
Резервтер	22	<b>28.955</b>	58.107
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		<b>4.837</b>	4.969
Төленуге жататын табыс салығы		<b>7.696</b>	66.648
Төленуге жататын басқа да салықтар	24	<b>119.986</b>	148.477
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес міндеттемелер	23	<b>125.853</b>	93.145
		<b>1.463.552</b>	1.603.094
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>6.508.537</b>	6.777.313
<b>Капитал мен міндеттемелер жиыны</b>		<b>16.426.522</b>	16.650.763
<b>Бір акцияның баланстық құны*</b> - мың теңгемен		<b>14,833</b>	14,678

\* 2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жай акциялардың саны 610.119.493 дана болды. Бір жай акцияның баланстық құнын ұсыну ХҚЕС-ке жатпайтын көрсеткіш және KASE талабы бойынша ашылып көрсетіледі.

## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

		<b>30 маусымда аяқталған алты ай үшін</b>	
		<b>2023 жылғы</b>	<b>2022 жылғы</b>
		<b>(аудит</b>	<b>(аудит</b>
		<b>жүргізілмеген)</b>	<b>жүргізілмеген)</b>
<i>Миллион теңгемен</i>		<b>Ескер.</b>	<b>(қайта есептелген)*</b>
<b>Операциялық қызметтен болған ақша ағындары</b>			
<b>Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда</b>		<b>648.739</b>	986.869
<b>Түзетулер:</b>			
Тозу, тауысылу және амортизация		<b>295.894</b>	260.375
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау шығыстарының құнсыздануы/(құнсыздануын қалпына келтіру)		<b>12</b>	(630)
Мұнай өнімдері бойынша туынды құралдардан іске асырылған зиян		<b>8</b>	453
Қаржылық кіріс		<b>13</b>	(75.048)
Қаржылық шығындар		<b>13</b>	156.500
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто		<b>6</b>	(399.719)
Резервтердегі өзгеріс		<b>(16.788)</b>	20.193
Теріс / (оң) бағамдық айырма, нетто		<b>(20.802)</b>	61.439
Тауар-материалдық қорларды таза өткізу құнына дейін (қалпына келтіру)/есептен шығару		<b>5.213</b>	8.976
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған деп жіктелген активтердің есептен шығарылуынан болған (кіріс)/зиян, нетто		<b>(135)</b>	793
<b>Басқа да түзетулер</b>		<b>3.215</b>	2.844
<b>Айналым капиталын түзетуге дейінгі операциялық пайда</b>		<b>736.797</b>	975.333
Өтеуге ҚҚС-тағы өзгерістер		<b>(17.294)</b>	5.456
Тауар-материалдық қорлардағы өзгерістер		<b>(42.890)</b>	(121.785)
Сауда дебиторлық берешектегі және басқа да қысқа мерзімді активтердегі өзгерістер		<b>(158.560)</b>	(375.645)
Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелердегі өзгерістер		<b>97.793</b>	261.251
Төленуге жататын басқа да салықтардағы өзгерістер		<b>(54.004)</b>	41.657
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары</b>		<b>561.842</b>	786.267
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер		<b>17</b>	174.464
Табыс салығын төлеу		<b>(101.933)</b>	(55.378)
Алынған пайыздар		<b>63.623</b>	17.997
Төленген пайыздар		<b>20, 21</b>	(126.403)
<b>Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары</b>		<b>571.593</b>	761.481

		<b>30 маусымда аяқталған алты ай үшін</b>	
		<b>2023 жылғы</b>	<b>2022 жылғы</b>
		<b>(аудит</b>	<b>(аудит</b>
		<b>жүргізілмеген)</b>	<b>жүргізілмеген)</b>
<i>Миллион теңгемен</i>	<b>Ескер.</b>	<b>(қайта есептелген)*</b>	<b>(қайта есептелген)*</b>
<b>Инвестициялық қызметтен ақша ағындары</b>			
Банк салымдарын орналастыру		<b>(920.765)</b>	(620.949)
Банк салымдарын қайтару		<b>1.476.515</b>	454.519
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау мен бағалау бойынша активтерді сатып алу		<b>(354.116)</b>	(190.691)
Негізгі құралдарды, барлау мен бағалау активтерін және сатуға арналған деп жіктелген активтерді сатудан болған түсімдер		<b>1.474</b>	1.382
Иелік ету үлесін өзгертпестен бірлескен кәсіпорындардың капиталына қосымша салымдар	17	<b>(11.050)</b>	(67)
Еншілес ұйымды сатып алу	25	<b>(163.770)</b>	–
Байланысты тараптарға берілген қарыздар		<b>(1.999)</b>	(33.156)
Байланысты тараптарға берілген қарыздарды өтеу		<b>13.600</b>	12.958
ҚР Ұлттық Банкінің ноттарын өтеу	25	<b>335.047</b>	–
ҚР Ұлттық Банкінің ноттарын сатып алу	25	<b>(270.047)</b>	–
Басқалары		<b>920</b>	(794)
<b>Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары</b>		<b>105.809</b>	(376.798)
<b>Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары</b>			
Қарыздардың түсуі	20	<b>287.072</b>	108.460
Қарыздарды өтеу	20	<b>(323.473)</b>	(75.088)
Акционерлерге төленген дивидендтер	25	<b>(300.002)</b>	(199.997)
Бақыланбайтын үлес акционерлеріне төленген дивидендтер		<b>(1.515)</b>	(1.003)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу		<b>(153)</b>	(1.762)
Байланысты тараптан болған салымдар		<b>–</b>	3.742
Басқа да операциялар	25	<b>(8.962)</b>	–
Жалдау міндеттемелері бойынша негізгі борышты өтеу	21	<b>(11.903)</b>	(9.839)
<b>Қаржылық қызметтен болған таза ақша ағындары</b>		<b>(358.936)</b>	(175.487)
Айырбастау бағамдарындағы өзгерістердің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері			
		<b>(11.448)</b>	81.822
Күтілетін несиелік зиян резервіндегі өзгеріс		<b>(9)</b>	128
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс</b>		<b>307.009</b>	291.146
Кезең басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары			
		<b>762.817</b>	1.144.193
<b>Кезең соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары</b>		<b>1.069.826</b>	1.435.339

\* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені түзетулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 4-ескертеде келтірілген.

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Миллион теңгемен	Бас компанияның акционерлеріне келеді							Бақыланбайтын қатысу үлесі	Жиыны
	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да капитал	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Жиыны		
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)</b>	<b>916.541</b>	<b>1.142</b>	<b>10.113</b>	<b>3.738.581</b>	<b>5.439.811</b>	<b>10.106.188</b>	<b>(89.282)</b>	<b>10.016.906</b>	
Кезеңдегі таза пайда/(зиян) (қайта есептелген)*	-	-	-	-	754.400	754.400	20.798	775.198	
Басқа да жиынтық (зиян)/кіріс (қайта есептелген)*	-	-	(37.120)	598.501	1.858	563.239	404	563.643	
<b>Жиынтық (зиян)/кіріс жиыны (қайта есептелген)*</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>(37.120)</b>	<b>598.501</b>	<b>756.258</b>	<b>1.317.639</b>	<b>21.202</b>	<b>1.338.841</b>	
Бірлескен кәсіпорынды сатып алу (4-ескертпе)	-	-	-	-	(91.175)	(91.175)	-	(91.175)	
Дивидендтер (25-ескертпе)	-	-	-	-	(199.997)	(199.997)	(1.927)	(201.924)	
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу (25-ескертпе)	-	-	-	-	(9.690)	(9.690)	-	(9.690)	
Самұрық-Қазынамен операциялар	-	-	-	-	(1.905)	(1.905)	-	(1.905)	
<b>2022 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)</b>	<b>916.541</b>	<b>1.142</b>	<b>(27.007)</b>	<b>4.337.082</b>	<b>5.893.302</b>	<b>11.121.060</b>	<b>(70.007)</b>	<b>11.051.053</b>	

\* Осы жолда келтірілген кейбір сомалар 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені түзетулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 4-ескертпеде келтірілген.

Бас компанияның акционерлеріне келеді								
<i>Миллион теңгемен</i>	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да капитал	Есептік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақыланбайтын қатысу үлесі	Жиыны
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)</b>	916.541	1.142	(1.759)	4.209.612	4.809.455	9.934.991	(61.541)	9.873.450
Кезеңдегі таза пайда	-	-	-	-	525.415	525.415	(33.871)	491.544
Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)	-	-	988	(150.743)	621	(149.134)	42	(149.092)
<b>Жиынтық кіріс/ (зиян) жиыны</b>	-	-	988	(150.743)	526.036	376.281	(33.829)	342.452
Дивидендтер (25-ескертпе)	-	-	-	-	(300.002)	(300.002)	(1.500)	(301.502)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу	-	-	-	-	(45)	(45)	-	(45)
Басқа да операциялар (25-ескертпе)	-	-	-	-	(17.925)	(17.925)	-	(17.925)
Самұрық-Қазынамен операциялар (20 және 25-ескертпелер)	-	-	-	-	22.145	22.145	-	22.145
Еншілес ұйымның бақыланбайтын қатысу үлесін сатуға арналған пут опционы бойынша резерв	-	-	-	-	-	-	(590)	(590)
<b>2023 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)</b>	916.541	1.142	(771)	4.058.869	5.039.664	10.015.445	(97.460)	9.917.985

ҚМГ қаржылық есептілігінің 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты айдағы толық нұсқасы компанияның веб-сайтында орналастырылған ([www.kmg.kz](http://www.kmg.kz))